

БӨЛІМ: UNIVER / БАСТАУЫШ СЫНЫП / ҚАЗУҚПУ / СТУДЕНТ

## Болашақ бастауыш сынып педагогтарын даярлауда ChatGPT бағдарламасын пайдалану мүмкіндіктері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.12.2024

## ТІРЕК СӨЗДЕР

Бастауыш сынып, білім беру бағдарламасы, жасанды интеллект, заманауи, педагогтер

## СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/172526/>

### Кеңес Мөлдір Айдынкөлқызы

#### Қадыр Аяулым Қанатқызы

#### Матримова Аяулым Абдыкеримовна

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Ғылыми жетекшісі:** Философия докторы (PhD), аға оқытушы  
**Измагамбетова Раиса Кудайбергеновна**

**Аннотация:** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау – бұл жас ұрпақты оқытуда маңызды рөл атқаратын педагогтарды даярлауға бағытталған көпқырлы және күрделі процесс. Бастауыш сынып мұғалімі балалардың оқу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, оларға алғашқы өмірлік білім мен тәрбие беретін тұлға. Мұндай мамандарды даярлау үшін кешенді тәсіл қажет, оған теориялық білім, әдістемелік дағдылар және кәсіби құндылықтарды меңгеру кіреді. Жасанды интеллект дәуірі білім беру саласына енді дендеп кіріп келеді. Сондықтан да жасанды зейін бағдарламаларын жете меңгеру бүгінгі күннің заман талабы болмақ.

**Кілттік сөздер:** Бастауыш сынып, білім беру бағдарламасы, заманауи, жасанды интеллект, педагогтер

ChatGPT, OpenAI әзірлеген озық тіл моделі әртүрлі салалардағы білім беру динамикасын өзгерту мүмкіндігіне ие трансформациялық күш ретінде ерекшеле-неді. Біз ChatGPT-ті білім беру мекемелеріне

біріктірудің мүмкіндіктері мен салдарын зерттей отырып, ChatGPT оқу материалдарына және педагогикалық тәсілдерге әсері туралы тоқталып өттік.

Жасанды интеллектке негізделген ChatGPT табиғи тілде сөйлесуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі білім беру құралдарынан айырмашылығы, ChatGPT интерактивті және динамикалық тәжірибе ұсынады, бұл білім алушы контекстке сәйкес жауап беретін виртуалды көмекшімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл академиялық пәндердің барлық спектрі бойынша нақты уақыт режимінде жеке оқыту мен көмек көрсетудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. ChatGPT-тің негізгі ерекшеліктерінің бірі – жеке оқу тәжірибесін ұсыну қабілеті. Жеке оқу стильдері мен қалауларына бейімделе отырып, модель білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Үй тапсырмасына көмектесу, күрделі ұғымдарды түсіндіру немесе тілдік тәжірибеге қатысу мүмкіндік береді. ChatGPT көмегімен материалдарды жасау және жетілдіру жаңа өлшемге ие болады. Модель оқытушыларға мазмұнды құруға, сабақты жоспарлау туралы түсінік беруге және білім алушылар алға жылжыған сайын дамытын бейімделетін оқу ресурстарын дамытуға үлес қосуға көмектеседі (Tadviser, 2023)

Қазіргі уақытта мұғалімнің іс-әрекеті мен жеке басының кәсібилігін өзін-өзі жетілдірумен байланысты шығармашылық белсенділігі ерекше маңызға ие. Сондықтан мұғалім өзінің іс-әрекеті мен жеке басын талдай білуі, өзінің қадір-қасиеті мен кемшіліктерін көре білуі, өз бойындағы жағымды қасиеттерді дамыта алатын және негативті жоққа шығара алатын шешімдер қабылдай білуі қажет.

Мұғалімнің өзінің қабілеттілік деңгейін білуі кәсіби қызметтің табысты болуы үшін үлкен маңызға ие.

Болашақ мұғалімді қалыптастыру іс-әрекеті студенттермен жұмыстың келесі формаларын қамтиды: дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтар.

Жоғары оқу орнында мұғалімдерді даярлауда біз оқытудың жаңа технологияларын қолданамыз, олар А.К. Колеченко, М.М. Левин, Г.К. Селевко және т.б. еңбектерінде баяндалған.

Семинарларда біз студенттерді сөз сөйлеуге, жылдам ойлауға, ұсынылған тақырып бойынша алдағы мәлімдеменің қысқаша мазмұнын құрастыруға үйретеміз; біз мәлімдемелерді талдау, бағалау және баяндамашыларды бағалау критерийлерін әзірлеу дағдыларын қалыптастырамыз. Педагогикалық пәндер бойынша практикалық сабақтарда студенттерге тапсырма беріледі: «Бақылау немесе әңгімелесу конспектісін (жоспарын) құрастыру», содан кейін жұмыстармен алмасып, рецензент немесе жетекші рөлін атқара отырып, ұсынылған материалға жазбаша немесе ауызша талдау жүргізеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы негізгі бағыттар:

1. Теориялық білім беру:

Болашақ мұғалімдер психология, педагогика, балалар физиологиясы және даму ерекшеліктері туралы жан-жақты теориялық білім алуы тиіс. Бұл балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. Сонымен қатар, әр пән бойынша қажетті академиялық білім беріледі.

2. Әдістемелік даярлық:

Әрбір пәнді оқытуға қажетті әдістемелерді меңгеру болашақ мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі. Мысалы, математика, ана тілі, жаратылыстану пәндерін тиімді оқыту әдістері мен технологияларын игеру бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларға білімді түсінікті әрі қызықты жеткізу қабілетін дамытады.

3. Практикалық тәжірибе:

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда практикалық тәжірибе өте маңызды. Студенттер мектептерде педагогикалық практикадан өтіп, өз білімін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Бұл тәжірибе оларға нақты

сыныппен жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынас жасаудың түрлі аспектілерін үйренуге көмектеседі.

#### 4. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру дағдылары:

Бастауыш сынып мұғалімдері тек пән оқытушысы ғана емес, балаларға тәрбие беруші тұлға болып табылады. Сондықтан студенттерге тәрбие жұмысының негізгі принциптерін үйрету маңызды. Тәрбие жұмысына балаларды патриотизмге, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ізгілікке тәрбиелеу кіреді.

#### 5. Психологиялық дайындық:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері балалар психологиясын жақсы білуі керек, себебі әр бала – жеке тұлға, оның өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары бар. Мұғалімдер балалардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді түсініп, әр оқушыға жеке тәсіл қолдануды үйренуі тиіс.

#### 6. Цифрлық сауаттылық пен технологияларды қолдану:

Қазіргі заманда цифрлық технологияларды қолдану мұғалімдер үшін өте маңызды. Болашақ мұғалімдер интерактивті тақта, онлайн платформалар, оқу бағдарламалары сияқты құралдарды қолдануды меңгеруі керек. Бұл оқытуды жандандырып, білім беру процесін жетік ете мөте маңызды.

Болашақ бастауыш сынып педагогтарын даярлауда ChatGPT сияқты жасанды интеллект құралдарын пайдалану көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Бұл технологияларды тиімді қолдану педагогикалық білім беру сапасын арттырып, студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға көмектеседі. Төменде ChatGPT-нің бірнеше пайдалы бағыттары келтірілген:

##### 1. Теориялық білімді түсіндіру және қайталау:

ChatGPT студенттерге теориялық білімді, пәндік тақырыптарды, оқыту әдістемелерін түсіндіруде көмекші бола алады. Студенттер кез келген уақытта белгілі бір тақырып бойынша сұрақ қойып, түсініктемелер ала

алады. Бұл, әсіресе, қашықтықтан оқыту кезінде ыңғайлы, себебі сұрақтарға жедел жауап беру мүмкіндігі бар.

## 2. Оқу жоспарларын құру және материалдарды дайындау:

Студенттер ChatGPT-нің көмегімен сабақ жоспарларын жасап, түрлі әдістемелік материалдар құра алады. Мысалы, ChatGPT арқылы тапсырмаларды, ойын элементтерін, сабақ құрылымын жоспарлау бойынша ұсыныстар алуға болады.

## 3. Кейстер және ситуациялық жаттығулар:

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасау барысында пайда болатын түрлі жағдайларды имитациялап, студенттерге олардың шешімін табуды үйретуге болады. ChatGPT болашақ педагогтарға оқыту және тәрбие барысында кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын үйренуге көмектеседі. Мысалы, оқушылардың тәртібіне байланысты немесе пәнді меңгеруіне қатысты ситуациялық тапсырмаларды өңдеуге мүмкіндік береді.

## 4. Жеке оқыту траекторияларын құру:

ChatGPT әрбір студенттің білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар немесе жаттығулар құруда көмекші бола алады. Бұл студенттерге жеке оқу траекториясын жасап, білімін толықтыруға мүмкіндік береді. Әрбір студенттің деңгейіне сәйкес тапсырмалар немесе оқу материалдарын таңдауға да көмек береді.

## 5. Тілдік дағдыларды дамыту:

ChatGPT қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жұмыс істей алады, сондықтан тілдік құзыреттілікті дамытуға арналған жаттығулар ұсыну үшін де пайдаланылады. Бастауыш сынып педагогтарына тілді меңгеруде көмек көрсетіп, грамматикалық қателерді талдау немесе сөздік қорды арттыру бойынша кеңестер береді.

## 6. Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту:

Студенттерге шығармашылық тапсырмалар беру немесе қиялдауды қажет ететін жаттығулар дайындау үшін ChatGPT-ді қолдануға болады. Мысалы, педагогтарға оқушыларға арналған қызықты әңгімелер, өлеңдер немесе сюжеттік тапсырмалар ұсыну жолдарын қарастыруға көмектеседі.

#### 7. Өзіндік талдау және кері байланыс:

ChatGPT студенттерге сабақ өткізгеннен кейінгі өзіндік талдау жасауға, рефлексия жүргізуге көмектесе алады. Олар өткізген сабақтың жақсы жақтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстарын талдау арқылы кәсіби дамуды қолдайды.

Болашақ педагогтарды даярлауда ChatGPT-ны қолдану тиімді болғанымен, оны толыққанды мұғалімнің орнына емес, көмекші құрал ретінде қарастырған жөн. Бұл технология студенттердің кәсіби дамуын жылдамдатып, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін қосымша мүмкіндік бола алады.

Біздің қоғамның қазіргі заманғы дамуы кезеңінде көптеген жалпы мемлекеттік мәселелерді қайта қарастырып түсіну жүріп жатыр. Елдің саяси құрылысының өзгеруінен кейін біздің қоғамымыздың жаңа экономикалық құрылысқа ену мәселелері шешіліп жатыр, бұл біздің қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның өзін өзі көрсете алуы методологиясының өзгеруін талап етеді. Жеке тұлға мақсатты түрде білім беру кеңістігінде қалыптасады, оны мынадай қасиеттермен сипаттауға болады: оқытудың дамып жатқан түрінің қойнауында жүзеге асып жатқан гуманизация мен бұл кеңістікте барынша кең таралып жатқан іс-әрекет метабілімі мен метатәсілдері. Бұл орта мектептің білім беру кеңістігінің ақиқаттылығына айналып, заманына сай мұғалімді дайындау теориясынын дамыту үшін негіз бола алады.

Мұндай жағдайда біз бір ғана жолын көріп тұрмыз: педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін жасау. Бұл мәселе

шешілмейінше, мұғалім дайындығында еш нәрсе де өзгеруі мүмкін емес.

Мектеп пен жоғары оқу орнының түбегейлі айырмашылығы бар:

- заманына сай мұғалім, көбінесе, өзін тәжірибелік жұмысшы ретінде анықтайды, ол іс жүзінде күрделі жұмыс атқарады. Сондықтан, осы уақытқа дейін мұғалімнің шығармашылығы оқыту мен тәрбие процесінің педагогикалық технологиясын өзгертетін тәжірибелік-әдістемелік өнімді жасауда көрінді, ал нысанның мазмұны, негізінен, мұғалім іс-әрекетінен тыс қалып қоятын;
- жоғары оқу орнында зерттеушілер басқа деңгейдегі өнім жасайды. Методологиялық білімдер болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дайындығының сәттілігін анықтайды. Сондықтан, педагогикалық жоғары оқу орнында мұғалімді дайындаудың ең басты шарты: мұғалімнің жаңа түрін дайындаудың теориялық негіздерін түсініп ұғыну болып табылады.

Мұғалім мамандығын даярлау – қашан да педагогиканың көкейкесті мәселесінің бірі және солай қала береді де. Оның себебінің бірі ретінде ғылым мен техниканың, ел экономикасының дамуы мен әлеуметтік өмір сүру жағдайының жоғарылауына және т.б. байланысты білім мен тәрбие ісінің өзгеруін, соған сәйкес жаңа тұрпатты мұғалімді даярлау ұдайы өзгерісте болуын айтуға болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Р. Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. С.А. Мусаева «Білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру» Тараз 2002 ж
3. «Ұлағат» журналы 2009 ж
4. Возрастная и педагогическая психология : Хрестоматия сост.
5. И.В. Дубровина , А.М. Прихожан : М , 2005

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі  
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.